

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АЛҒА АУДАНЫ
БЕСТАМАҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

030202, Ақтөбе облысы, Алға ауданы,
Бестамақ ауылы, Бөкенбай батыр к., 10 «В»
□□□3 – 51-01, 6-80-00



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АЛГИНСКИЙ РАЙОН
АКИМ БЕСТАМАКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

030202, Актюбинская область, Алгинский
район, село Бестамак, ул. Бөкенбай батыр, 10 «В»
□□□3 – 51-01, 6-80-00

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«03» желтоқсан 2020 ж.

№ 97

«Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынын Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Алға ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 400 Қаулысына орай, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, «Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы Алға аудандық әкімдігінің № 484 қаулысымен бекітілген Ережесін басшылыққа ала отырып Бестамақ ауылдық округінің әкімі

ӨКІМ ЕТТІ:

1. «Ақтөбе облысы Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны заңнамада белгіленген тәртіппен «Алға ауданы Бестамақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің коммуналдық меншігінен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне мүліктік кешен ретінде берілсін.
2. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы өкім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Бестамақ ауылдық округінің әкімі:



К.С. Даулеталин